



Бектемін
«Сырдария» университетінің
ректоры, п.ғ.к., профессор
С.С. Дайырбеков
2019 жыл

САПА МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ

ҚҰРЫЛЫМ ЕРЕЖЕСІ

ҚЕ-02-19

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС

АЛҒЫ СӨЗ

1. Сапа менеджменті, аккредиттеу және мониторинг бөлімімен
ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Әзірлегендер – Сапа менеджменті, аккредиттеу және мониторинг
бөлімі басшысы Алтыбаева А.А.
– Ғалым-хатшы ф.ғ.к. Абенова Л.У.
3. Келісілді – Оқу және оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі
проректор, т.ғ.к.доцент С.Д.Мамраймов
– Кадр бөлімінің басшысы Бейсенова Ғ.Қ.
– Заңгер А.С. Малдыбекова
4. «Сырдария» университеті Ғылыми кеңесінің 28 08 2019
№ 1 мәжілісінде талқыланып мақұлданды
5. Енгізілді – 2019
6. Тексерілу мерзімі – 2021

Қызмет бабында пайдаланылатын басылым

«Сырдария» университеті
Сапа менеджменті бөлімі
Көшірме дұрыс

№ 1061 « 3 » 08 2019 ж.

Жетісай, 2019

«Сырдария» университеті
Сапа менеджменті бөлімі
Жұмыс дағасы

№ 1057 « 3 » 08 2019 ж.

«Сырдария» университеті		ҚЕ-02-19
Сапа менеджменті жүйесі	Құрылым ережесі	2-нұсқа
Ғылыми кеңес		13 беттің 2-беті

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Сырдария» университетінің Ғылыми кеңесі (бұдан әрі - Ғылыми кеңес) университеттің алқалық басқару нысанының бірі болып табылады.

1.2 Осы Ереже төмендегі құжаттар негізінде әзірленді:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының 44 бабының 9-тармағы

- Жоғары, сондай-ақ жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарындағы Ғылыми кеңес жұмысының үлгілік қағидалары және оны сайлау тәртібі. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 22 қарашадағы №574 бұйрығы

- Университет Жарғысы;

- Университеттің Ғылыми кеңесі (бұдан әрі - Ғылыми кеңес) жоғары оқу орнының (бұдан әрі – ЖОО) алқалық басқару нысандарының бірі болып табылады, өз қызметін ректор бекіткен жылдық жұмыс жоспары негізінде жүзеге асырады.

1.3 Осы Ереже талаптары Ғылыми кеңестің барлық мүшелеріне міндетті болып табылады.

2 ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

2.1 Университеттің Ғылыми кеңесі университет ректорының бұйрығымен құрылады;

2.2 Ғылыми кеңестің құрамына ректор, проректорлар, құрылымдық бөлімдердің басшылары, профессор-оқытушылар құрамының, университеттің студенттік және қоғамдық ұйымдарының өкілдері кіреді;

2.3 Ғылыми кеңестің сандық құрамын университеттің өзі айқындайды;

2.4 Ғылыми кеңес төрағасы университет ректоры болып табылады. Төраға Ғылыми кеңестің жұмысын Қазақстан Республикасының заңнамаларына және осы Ережеге сәйкес ұйымдастырады.

2.5 Ғылыми кеңестің құрамы 3 жыл мерзімге сайланады;

2.6 Ғылыми кеңес өз мүшелері арасынан ғалым хатшыны тағайындайды. Ғалым хатшы оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік мәселелерде құзыретті маман болып табылады және ғылым докторы немесе кандидаты, немесе философия докторы (PhD), немесе бейін бойынша доктор деген ғылыми дәрежеге ие болуға тиісті.

2.7 Ғылыми кеңестің отырысы оқу жылына арнап бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес екі айда бір рет өтеді. Дәлелді себептер бойынша Ғылыми кеңестің мүшесі отырысқа қатыса алмайтын болса, ол туралы төрағаға немесе ғалым хатшыға хабарлайды.

2.8 Ғылыми кеңестің шешімі егер оған Ғылыми кеңес мүшелерінің көпшілігі дауыс берсе, қабылданған болып есептеледі. Дауыстар тең болған жағдайда Ғылыми кеңес төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

2.9 Ғылыми кеңес шешімі Төрағаның және ғалым хатшының қолдары қойылатын хаттамамен рәсімделеді.

3. ҚЫЗМЕТІ

Ғылыми кеңестің құзыретіне мыналар жатады:

3.1 Кәсіби оқу бағдарламаларын табысты іске асыру мақсатында профессорлық-оқытушылық құрам және университеттің білім алушылары үшін қажетті жағдайларды жасау;

3.2 Университеттің қаржы саласын реттеу, материалдық-техникалық базасын нығайту;

3.3 Университеттің одан әрі дамуына ықпал ету;

3.4 Университеттің құрылымын бекіту;

3.5 Байқау кеңесіне немесе акционерлер жиналысына (байқау кеңесі жоқ болған жағдайда – құрылтайшыға):

- университет Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша;

- университеттің стратегиясы мен даму жоспары бойынша;

- бюджеттен тыс қаражаттарды пайдалану тәртібін, сондай-ақ университетте ақылы білім беру және өндірілген өнімдерді тарату жолымен алынған реинвестициялық кірістердің бағыттарын анықтау бойынша ұсыныстарды енгізеді;

«Сырдария» университеті		ҚЕ-02-19
Сапа менеджменті жүйесі	Құрылым ережесі	2-нұсқа
Ғылыми кеңес		13 беттің 3-беті

- 4.3 Университеттің оқу және ғылыми бөлімшелерін (зертханалар, кафедралар, факультеттер) құру, қайта ұйымдастыру және тарату;
- 4.4 Университеттің оқу-тәрбие, ғылыми-зерттеу және шаруашылық қызметін ұйымдастырудың барлық негізгі мәселелері бойынша шешім қабылдау;
- 4.5 Университеттің академиялық саясатын, академиялық адалдық қағидаларын, білім беру бағдарламаларын, жұмыс оқу жоспарларын, академиялық күнтізбені, профессор-оқытушылар құрамының орташа жылдық педагогикалық жүктемесін бекіту;
- 4.6 Проректорлардың, құрылымдық бөлімшелер басшыларының тиісті қызмет бағыттары бойынша есептерін тыңдау;
- 4.7 Монографияларды, оқулықтарды, оқу және оқу-әдістемелік құралдарды қарастыру және басып шығаруға ұсыну;
- 4.8 Ақылы негізде оқитын студенттерді білім беру гранттарын және оқытудың экстернат нысанына ауыстыру туралы шешім қабылдау;
- 4.9 Білім алушылардың дипломдық, диссертациялық зерттеулерінің тақырыптарын және ғылыми жетекшілерін бекіту;
- 4.10 Ғылыми (профессор, қауымдастырылған профессор (доцент) және құрметті атақтарға, атаулы стипендиялар мен сыйақы тағайындауға ұсыну;
- 4.11 Аға оқытушы қызметіне ұсыну;
- 4.12 ЖОО-ның «Үздік оқытушысы» республикалық конкурсына қатысу үшін профессор-оқытушылар құрамының кандидатураларын ұсыну туралы шешім қабылдау;
- 4.13 Университет қызметкерлерін, шығармашылық ұжымды үкіметтік наградаларға және құрметті атақтарға ұсыну туралы мәселелерді қарау;
- 4.13 Алқалы шешімді талап ететін университеттің ағымдағы қызметінің мәселелерін қарау.

4. ҚҰҚЫҚТАРЫ

- 4.1 Университеттің оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу, тәрбие қызметін жақсарту, жетілдіру бойынша университет басшылығына ұсыныстар енгізуге;
- 4.2 Барлық құрылымдық бөлімдер және басшылармен өзара әрекет жасауға, факультет функциясы мен қызметтік міндеттерін орындау үшін қажетті ақпараттар мен құжаттар алуға;
- 4.3 Университет қызметкерлері немесе студенттерін марапаттауға немесе жаза қолдануға қатысты университет басшылығына ұсыныстар енгізуге;
- 4.4 Талаптарға сай дайындалмаған құжаттарды орындаушыға қайтаруға;

5. МІНДЕТТЕРІ

Ғылыми кеңес іс-әрекеттеріндегі негізгі міндеттері:

- 5.1 Үкіметтің мамандар дайындау сапасын қамтамасыз ету, сонымен қатар тұтынушылар талаптарын толық қанағаттандыруға байланысты шешімдерін іске асыруда университет ұжымының күш-қуатын бекіту;
- 5.2 Білім, ғылым және тәрбие үдерістері салаларында ЖОО іс-әрекеттерінің негізгі мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;
- 5.3 Білім және ғылым салаларындағы мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруды қамтамасыз ету.

6. ЖАУАПКЕРШІЛІК

Университеттің Ғылыми кеңесі қабылданған шешімдерінің орындалуына және заңдылығына жауап береді.


7. ҚҰРЫЛЫМДЫЛЫҚ БӨЛІМДЕРМЕН ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ

Университет Ғылыми кеңесі университеттің барлық құрылымдық бөлімдерімен, қоғамдық және ғылыми-зерттеу орталықтармен қызметтік қарым-қатынас жасайды. Факультет кеңестерінің жұмысын үйлестіреді және бақылайды.

«Сырдария» университеті		ҚЕ-02-19
Сапа менеджменті жүйесі	Құрылым ережесі	2-нұсқа
Ғылыми кеңес		13 беттің 4-беті

КЕЛІСІЛДІ

Оқу және оқу-әдістемелік жұмыстар
жөніндегі проректор:
Кадр бөлімі басшысы:
Заңгер:



С.Д. Мамраимов
Г.К. Бейсенова
А.С. Малдыбекова